

**К. Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ-нің дарынды балаларға арналған
мамандандырылған
мектеп-интернатының 1-ші сыныпқа қабылдау талаптары
"Фортепиано" мамандығы**

1. Мамандық бойынша шығармашылық емтихан

Дайындығы бар балалар: 2-3 түрлі сипаттағы шығармаларды орындау.

Дайындықсыз балалар: музыкалық қабілеттерді тексеру (есту, ырғақ сезімі, есте сақтау, физикалық қабілеттер).

**Музыкалық дайындығы бар балалар оқуға қабылдау кезінде басымдылықта*

2. Сольфеджиодан шығармашылық емтихан

1. Алдын ала дайындалған әнді айту.
2. Мұғалім екі реттен артық емес фортепианода ойналынған немесе әндетіп айтылған $2\frac{1}{4}$ немесе $3\frac{1}{4}$ мөлшеріндегі екі – төрт такттан тұратын әуенді қайталау (оны кез-келген "та-та" немесе "ла-ла" буындарына қайталау, мүмкіндігінше әуенді фортепианода қайталау).
3. Бір уақытта ойналатын дыбыстардың санын анықтау. Мұғалім ойнап немесе айтып берген жеке интервалдарды (терция, кварта, квинта, секста) және аккордтарды (негізгі триадалар, секстаккорд, квартсекстаккорд, кіші триадалар, секстаккорд, квартсекстаккорд, кіші жетінші аккорд) әндетіп қайталау.
4. Мұғалімнің артынан әуеннің ырғақ үлгісін қайталау (тоқсандық, сегіздік, төрт оналтылық, сегіздік-екі оналтылық, екі оналтылық-сегіздік, нүктелі ырғақ, нүктелі тоқсандық және сегіздік, триоль, синкопа).

**К. Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ-нің дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-интернатының 2-9 сыныптарға қабылдау талаптары
(мектептен мектепке ауыстырылу/түсу, бос гранттарға орналасу)**

«Фортепиано» мамандығы

Қабылдау талаптары:

1. Құжаттар пакеті соның ішінде БММ-нен, БӨМ-нен оқушының жеке жоспардың көшірмесін және «Фортепиано» мамандығы бойынша қай сыныпта оқығанын дәлелдейтін академиялық анықтама.
2. Мамандықтан шығармашылық емтихан.
 - 2.1. Орындалатын бағдарлама күрделілігі және көлемі жағынан түсетін сыныпқа сәйкес болуы керек, бағдарлама жатқа ойналынады және келесі шығармалардан құрылу керек:
 1. полифониялық шығарма;
 2. үлкен пішіндегі шығарма (соната/вариациялар);
 3. виртуозды этюд;
 4. пьеса.
 - 2.2. Гаммалар
- 3 **сыныпқа түсушілер:** 4 октавалық тура қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысаталық хроматикалық гамма, 4 дыбысты қысқа арпеджио, 3 дыбысты аккордтар (C-a, G-e, D-h, F-d, B-g);

4 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, 4 дыбысты қысқа арпеджио, 3 дыбысты аккордтар (C-a, G-e, D-h, A-fis, F-d, B-g, Es-c);

5 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, 4 дыбысты қысқа арпеджио, ұзын арпеджио, 3 дыбысты аккордтар, минорда ум.7 (кішірейтілген септаккорд) айналымдарымен, мажорда Д7 айналымдарымен (C-a, G-e, D-h, A-fis, F-d, B-g, Es-c);

6 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, 4 дыбысты қысқа арпеджио, ұзын арпеджио, 3 дыбысты аккордтар, минорда ум.7 (кішірейтілген септаккорд) айналымдарымен, мажорда Д7 айналымдарымен (C-a, G-e, D-h, A-fis, E-cis, F-d, B-g, Es-c, As-f);

7 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура және қарама-қарсы қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, ұзын арпеджио, 3 немесе 4 дыбысты аккордтар, минорда ум.7 (кішірейтілген септаккорд) айналымдарымен, мажорда Д7 айналымдарымен (C-a, G-e, D-h, A-fis, E-cis, H-gis, F-d, B-g, Es-c, As-f, Des-b);

8 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура және қарама-қарсы қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, ұзын арпеджио, 3 немесе 4 дыбысты аккордтар, минорда ум.7 (кішірейтілген септаккорд) айналымдарымен, мажорда Д7 айналымдарымен, ақ клавишалардан 11 аккорд (C-a, G-e, D-h, A-fis, E-cis, H-gis, F-d, B-g, Es-c, As-f, Des-b);

9 сыныпқа түсушілер: 4 октавалық тура және қарама-қарсы қозғалыстағы гаммалар, тура қозғалысатағы хроматикалық гамма, ұзын арпеджио, 3 немесе 4 дыбысты аккордтар, минорда ум.7 (кішірейтілген септаккорд) айналымдарымен, мажорда Д7 айналымдарымен, ақ клавишалардан 11 аккорд (C-a, G-e, D-h, A-fis, E-cis, H-gis, F-d, B-g, Es-c, As-f, Des-b);

2.3. Коллоквиум (музыкалық орындау саласындағы білімді тексерудің ауызша нысаны)

- Оқыған сыныпқа сәйкес музыкалық терминдерді білу (3-9 сынып);
- Емтиханда орындалған шығармалар туралы айта білу: композитор, жанр және басқа ерекшеліктер (5-9 сынып);